

**АИВ немесе ЖИТС-пен
ауыратын науқастарға
күтім.**

Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы

- **АИТВ - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы, ХХ ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап танымал. АИТВ ағзаға түскен кезде біздің аурудан және жұқпадан қорғайтын иммундық жүйені бұзады**

- **ЖИТС -**

адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан пайда болатын ауру.

Иммундық тапшылық әсері салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл аурулармен адам ағзасы күресе алмайды.

- **АИТВ - ЖИТС-ның басты себебі болып табылатын**

індет. Егер жұқпаланған адамның қаны, шәуеті, қынап сұйықтары немесе ана сүті дені сау адамның қанына (инъекция, дене жарасы арқылы) немесе сілемейлі қабыншақтарына түссе, жұқпалану мүмкін. Тұрмыстық жағдайда жұғу мүмкін емес.

- ЖИТС – пен ауыратын адамға ерекше күтім керек. Олар арнайы дәрігерлік тіркеуге алынып, қатаң қадағалау режимінде болады. Олардың күтімі Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген.



- "Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуге тиіс санаттарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 1938 қаулысымен бекітілген

- Халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуге тиіс санаттарының тізбесі

- 1. Мыналармен:

1) IV дәрежедегі қатерлі ісік ауруларымен;

2) соңғы сатыдағы ЖИТС-пен;

3) соңғы сатыдағы созылмалы үдемелі ауруларымен

(декомпенсация сатысындағы жүрек, өкпе, бауыр және бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, мидың қан айналымы бұзылуының ауыр салдары) ауыратын адамдар.

2. Бастан өткерген аурудың және (немесе) мүгедектіктің салдарынан өзіне өзі қызмет көрсете алмайтын, өмір сүру ұзақтығы шектелген адамдар.

ЖИТС ауруымен ауыратын науқастарға арналған жалпы ережелер:

- Науқас адам өте жақсы күтімге зәру. Себебі өз бетінше күтім жасау оның қолынан келмейді. Науқас ауруынан айықпайтын болғандықтан, мейірбике тарапынан ерекше моральдық демеу және мейірімділік талап етіледі.
- Науқас адаммен жұмыс жасағанда өте сақ болу қажет. Мысалы: науқас жатқан бөлмедегі құрал-жабдықтар, төсек орындары немесе жиһаздар қанмен, шәуетпен, қынап бөлінділерімен ластанса міндетті түрде дереу залалсыздандыру қажет.

Залалсыздандыру сатылары:

- Ластанған жерді қағаз сүлгімен сүртіп алып, оны залалсыздандыратын сұйықтықта 1 сағ. ұсталғаннан соң, қоқыс жәшігіне тастаймыз.
- Ластанған жерді кез келген залалсыздандыратын сұйықтықпен немесе тұрмыстық химиялық заттармен ыстық сумен жақсылап сүртіп, ал киім-кешек пен төсек орын заттарын жуу керек.
- Аталған процестерді міндетті түрде резеңке қолғаппен орындау қажет. Процедура біткен соң, резеңке қолғаптарды 1 сағ. залалсыздандыратын сұйықтыққа немесе 2 сағ. кез келген химиялық жуғыш заттар ерітіндісіне салып қою керек.
- Қолды жақсылап сабынмен жуып, кептірілуі қажет. Егерде қолда ойылулар мен ашық жаралар болса, тазалау алдында оларды лейкопластырмен жабсыру қажет.

Науқас күтімінің 4 қағидасы:

1. Сыйлау.
2. Қарым – қатынас.
3. Науқас еркіндігі.
4. Инфекциялық бақылау.

Науқасқа моральдық тұрғыдан күтім жасау ерекжелері:

- Науқасқа моральдық күтім жаса өте маңызды, әрі қиын.
- Өте жақсы тыңдаушы болыңыз.
- Сенімге лайықты болыңыз.
- Оптимист болыңыз.
- Науқастың кез келген көңіл күйі мен қызуқандылығына төзімді болыңыз.
- Эмоцияңызды басқара біліңіз.

Аурудың соңғы сатысындағы науқастарға күтім.

Аурудың соңғы сатысында көп науқастар төсек тартып жатады. Соған байланысты:

- Жеке төсек қалпын жиі ауыстыру, ойылулардың алдын алу;
- Дәретханаға баруға және судна пайдалануға көмектесу;
- Денесін сулы сүлгімен сүрту;
- Төсек орнын ауыстыру;
- Тамақтануға көмектесу;
- Эмоционалды тұрғыдан көмек;
- Дәрі қабылдаудағы көмек;
- Жаралар мен жарақаттарын залалсыздандыру мен таңу.



Есінде болсын!

Науқас күтімінің орындалу дәрежесі емнің нәтижесіне әсер етеді. Науқастың толық жазулуына алып келмесе де, өмірінің ұзақтығына өз септігін тигізеді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**